

ЖОСПАР

| | |
|--|----|
| КІРІСПЕ..... | 3 |
| I. Қаржылық есеп беруді жасау бойынша түгендеу және басқа да дайындық жұмыстары..... | 4 |
| II. Қаржылық есеп беруді жасау..... | 7 |
| 2.1 Қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есеп беру..... | 9 |
| 2.2 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп беру..... | 11 |
| 2.3 Инвестициялық және қаржылық қызмет..... | 14 |
| III Консолидацияланған (консолидацияланған) қаржылық есеп беруді жасау.. | 16 |
| 3.1 Негізгі және заңды тұлғалардың консолидацияланған есеп беру..... | 16 |
| 3.2 Негізгі және еншілер заңды тұлғалардың консолидацияланған есеп беру..... | 16 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 35 |
| Қолданылған әдебиеттер..... | 36 |

КІРІСПЕ

Есеп беру деп кәсіпорынның өткен кезеңдегі қаржылық - шаруашылық қызметін көшенді түрде сипаттайтын барлық көрсеткіштер жүйесін айтамыз. Есеп беру процесін жасау есеп жұмысының соңғы сатысы болып табылады.

Қаржылық есеп берудің мақсаты өз пайдаланушыларына заңды тұрғының қаржылық жағдайы туралы сенімді, мәнді және пайдалы ақпараттарды беру болып табылады. Қаржылық есеп берудің пайдаланушыларының қатарына потенциалды инвесторлар, кредиторлар, жабдықтаушылар, сатып алушылар, еңбеккерлер, сондай-ақ мемлекеттік органдар, т.б. кіреді.

Қаржылық есеп беру басқарушы органдардың жұмыс және субъектің ресурстарын, міндеттемелерін және ақша қаражаттарының болашақтағы ағындарын бағалауға, несие беру бойынша шешімдерге және инвестициялық шешімдерді қабылдауға пайдалы ақпараттарды береді.

Есеп беру мәліметтен кәсіпорынның тиімділігін бағалау үшін, сондай-ақ шаруашылық қызметін талдау үшін сыртқы пайдаланушылар пайдаланады.

Осымен қоса, есеп беру кәсіпорынның шаруашылық қызметін жедел басқару үшін қажет және ол болашақ кезеңдерді жоспарлау мен бақылау үшін басты (бастапқы) база болып табылады.

Есеп беруге қойылатын негізгі талаптар: кәсіпорын қызметінің нәтижесін анық және объективті көрсету, барлық көрсеткіштерді бір-бірімен қатаң түрде үйлестіру, бухгалтерлік пен жедел-статистикалық есеп берудің сабақтастығын (үйлесімділігін) сақтау, әдістемелік және басқа да ережелерді сақтау болып табылады.

Бұрмаланған есеп бергені үшін кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері Қазақстан Республикасының әрекет етіп тұрған заңдарына сәйкес жауап береді.

I. Қаржылық есеп беруді жасау бойынша түгендеу және басқа да дайындық жұмыстары

Бухгалтерлік есеп шаруашылық қаражаттарының құрамындағы және оларды жабу көздеріндегі болған барлық өзгерістерді, шаруашылық процестерін және олардың нәтижесін толық және дер кезінде көрсетуге арналған Есеп мәліметі жылда бар нақты шаруашылық қаражаттарына және олардың жабу көздеріне сәйкес келуі тиіс, бірақ іс жүзінде есеп мәліметтері шын мәліметтермен үйлесе бермейді, яғни олардың арасында алшақтық орын алуы мүмкін. Аталған алшақтық табиғи азаюдың, тасымалдаудың, қайта сортталудың нәтижесінде, өлшегіш құрал-жабдықтарының дұрыс көрсетпеуінен, операцияларды рәсімдеу кезінде жіберілген қателіктерден, т.б. салдарынан болуы мүмкін.

Ал бұл жыл сайын нақты жылда бар құндылықтардың мәліметін есеп мәліметтерімен салыстырып отыруды қажет етеді, және ол есеп айырысуды дәлдеу (анықтау) үшін де қажет. Тексерудің мұндай түрін түгендеу (немесе түгелдеу) деп атаймыз.

Түгендеу (немесе түгелдеу)-бұл бухгалтерлік есеп әдісінің басғы элементтерінің бірі, ол есеп айырысудың ақша қаражаттарының, аяқталмаған өндірістің, тауарлы-материалдық құндылықтардың, материалдың, емес активтердің, негізгі құралдардың нақты жылда барын тексеруін және олардың есеп мәліметтерімен салыстыруын көздейді. Меншік түріне (нысанына), қызмет түріне және жұмыс істеу тәртібіне қарамастан, оны барлық кәсіпорын жүргізеді. Ол қаражаттаудың міндетті қосымшасы болып табылады. Тек соның көмегімен шаруашылықта болатын әрі жасалатын барлық шаруашылық құбылыстар бухгалтерлік есепте көрініс табады. Ол өзінің қамту жағдайына қарап екіге бөлінеді: толық және ішкіара болып. Толық түгендеу әдетте, жылына бір рет жылдық есеп берудің алдында жасалады, оның мақсаты кәсіпорынның барлық активтері мен пассивтерін баланста дұрыс көрсету болып табылады. Мұндай толық түгендеу бақылаушы органдардың талабы бойынша жасалуы мүмкін. Ішкіара түгендеу, тек қана түгенделетін объектілердің кейбір бөлігін ғана қамтуы мүмкін, мысалға, кәсіпорынның кассасындағы нақты ақша қаражаты, кәсіпорындағы негізгі құралдардың саны т.б.

Түгендеу өз сипатына қарап жоспарлы және кезектен тыс жүргізілуі мүмкін:

- жоспарлы – алдын ала белгіленген мерзімге, қойған мақсатына және мүмкіндігіне сай етіп жүргізіледі;
- кезектен тыс – бұл кәсіпорын басшының тапсырмасы бойынша бақылаушы органдардың талабы бойынша материалды жауыпты тұрғанын ауысқан кезінде, табиғи апаттардан кейін жүргізіледі. Ол ЕЕС 24 “Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру” стандартына сай етіп жасалынады. Онда оның кезектілігі түгендеуді жүргізудің мерзімі, түгендеу комиссиясының құрамы және т.б. қағидалар қарастырылады.

Кәсіпорын басшысы түтендеу жұмыстарын жүргізу тәртібін белгілейді, оның ішінде түтендеу комиссиясының құрамын, есепті жылдағы түтендеу санын, олардың күнін белгілейді.

Түтендеу жұмыстарын жүргізу үшін әрбір кәсіпорында тұрақты жұмыс істеп тұратын комиссия болады және оның құрамын кәсіпорын басшысы белгілейді.

Түтендеу комиссиясының істейтін жұмыстары сақтау органдарындағы және өндірістегі мүлкті, сондай-ақ қаржы жөніндегі барлық міндеттерді тексеру; кәсіпорынның бухгалтерлік қызметкерлерімен бірге түтендеу нәтижелерін анықтауға және қайта сұрыптауға арналады; сондай-ақ шыққандарды табиғи немесе нормаларының шегінде есептен шығаруға; тауарлы-материалдық құндылықтарды қабылдауды, сақтауды және бастауды, реттеуге, есепке алуды жақсарту және олардың сақталуын бақылау мәселелері жөнінде, сондай-ақ пайдаланылмайтын мүлкті сату туралы ұсыныстар әзірлеуге; мүлкті сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүргізуге; екі түтендеу аралығындағы сақтау және қайта өңдеу орындарындағы тауарлы-материалдық құндылықтарды түтендеуге, іріктеп түтендеудің әдістемесі бойынша да бақылау жұмыстарын жүргізуге бағытталады.

Түтендеу комиссияларының мүшелері кем шыққандары және талан-тарапқа түскендерге, бүрмәсілеу мақсатымен мүлктің нақты қалдығы туралы немесе артық шыққан тауарлар, материалдар және басқа да құндылықтар туралы жазбаға білі тұра дұрыс емес деректерді енгізбегені үшін ҚР заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

Мүлктің нақты қолда барын тексеруді бастағанға дейін түтендеу комиссиясы кіріс-шығыс құжаттарының түтендеу кезіндегі соңғы тізімдерін немесе материалдық құндылықтары мен ақшалай қаражаттарын есепке алады.

Түтендеу комиссиясының нәтижесі де тексеріледі, ол үшін ішінара бақылау жұмыстары жүргізіледі, сол бақылау барысында комиссияның мүшелері де қатыса алады және ол да актімен хатталады.

Екі түтендеу аралығындағы кезеңде құндылықтарды номенклатурасы бойынша үлкен кәсіпорындардың сақтау және қайта өңдеу жұмыстары іріктеу әдісімен тексеріледі.

Түтендеу нәтижесі бойынша салыстыру тәзімдемесі жасалынады, сосын оның деректері бухгалтерлік есептері деректерімен салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықтары (ауытқулары) көрсетіледі. Түтендеу нәтижелерін көрсету үшін ҚР-нің Мәліметтік статистика комитеті бекіткен бірінші реттен толтыратын есеп құжаттарының мынадан үлгілері қолданылады.

Негізгі құралдардың түтендеу жазбасы жалға алған және күнделікті жалға бергендерді қоса есептегендегі негізгі құралдың нақты қолда барын көрсету үшін қолданылады.

Түтендеу қағазы өндірісті ұйымдастыру ережелері бойынша материалдық құндылықтарды бірден санап, жазбаға жазуға мүлкін болмаған жағдайларда іріленеді. Бұл түтендеу қағазы саналған құндылықтармен бірге олардың тұрақ орындарында сақталады.

Түтендеу кезінде және басқа да тексерістердің көмегімен анықталған мүлктің нақты қолда бары мен бухгалтерлік есептегі деректердің арасындағы алшақтығы белгілеу тәртібі бойынша есептеледі. Сортталу кезеңінде анықталған кем шыққандар мен артықтардың өзара есеп айырысуы тек ерекшелік ретінде ғана, сол тексеріліп отырған кезең үшін, тексерген комиссияның жұмысын бағалау үшін және тауарлы-материалдық құндылықтардың сапасы мен мөлшерін анықтау үшін қажет болуы мүмкін. Сорттаудың болғандағы жөнінде материалдық жауапты адамдар түтендеу комиссиясына егжей-тегжейлі түсініктеме берді. Сортталудың өзара есепке алынуы туралы ұсыныс тұрақты жұмыс істейтін түтендеу комиссиясының қаруына беріледі және оның кәсіпорын басшысы түбегейлі шешеді, ал ол ұсынылған барлық материалдарды зерттегеннен кейін, есепке алу туралы тиісті шешімдер қабылданды. Сортталу (пересортицасы) бойынша олардың артық не кем шығуын есепке (зачетка) алғаннан кейін, жетпей қалған құндылықтар жауапты адамдардың жауапкершілігіне жатқызылады. Егер де сортталу кезінде нақты жауапты адамдар анықталмаса, онда оның қолданыс кем шыққан мүлдетер ретінде қаралады да, кәсіпорынның зиянына жатқызылады. Сортталу салдарынан анықталған күн айырмашылықтары материалдық жауапты адамдардың кінәсінен болмаса, ол түтендеу комиссиясының хаттамаларында бұл аталған айырмашылықтар жауапты адамның мойнына күйітпау себептерін ашып көрсетеді. Есеп айырығудың барлық түрлерінің түтенделуінде өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Бюджетпен, сатып алушымен, жабдықтаушымен, есеп беретін адамдармен, қызметкерлермен, депоненттермен және басқа дебиторлармен, кредиторлармен есеп айырығуды түтендеу есеп айырысу шоттарында есептелген сомалардың мұқият негізделгеніне саяды. Есеп айырысу инкассо тәртібімен жүргізілмейтін барлық сатып алушылардың және басқа дебиторлардың мәліметтерінің дұрыстығын тексеру үшін кредиторлардың берешегі туралы дербес шоттардың көшірмелері жазылады.

Есеп берер алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізіледі. Бухгалтерия шоттардан, қоймалардан, есеп беретін адамдардан т.б. құжаттардың толық түсінік (немесе түсінік) тексеруді, ай ішіндегі немесе жыл ішіндегі барлық шығындарды өндіріс шығындарына, қосымша, негізгі құралдарды амортизациясын, демалысқа төленетін резервін және басқа мақсаттарға арналған резервін, материалдық емес активтердің тозуын толық есептеуді, алдағы кезеңдердегі шығындарды есептеп шығаруды, құндылықтардың барлық шоттары мен топтарында есептік баға бойынша нақты өзіндік құнын, орташа КДШ процентін не ауытқушылықтарын (+,-) есептеп шығаруды, жұмсалған материалдардың нақты өзіндік құнын анықтап, оны өндірістік және басқа шоттарға көшіріп жазуды тексеруі қажет.

II. Қаржылық есеп беруді жасау

Жоғарыда айтылғанымыздай, қаржылық есеп берудің құрамына бухгалтерлік балама, шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру, ақша қаражатының ирзалығы туралы есеп беру түсіндірме хаттамасы (жазбасы) кіреді.

Қаржылық есеп берудің мақсаты пайдаланушыларды есептік кендегі қызметінің нәтижесі мен қаржылық жағдайы туралы пайдалы, әрі мәнді және сенімді ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Бірақ қаржылық ақпараттарды пайдаланушылар кәсіпорынның қызметі туралы әрқипы мәліметтерді қажет етеді, мысалы:

- инвестор – жасаған инвестицияның тәуекелділік дәрежесі олардың алатын табысына қаншалықты пара-пар келетіндігін анықтау үшін; кәсіпорынға салған инвестициясын сатудың немесе соған сәйкес активтерін сатып алудың, немесе өз үлесін сақтаудың немесе соған сәйкес активтерін сатып алудың, немесе өз үлесін сақтаудың сқажеттілігі анықтау үшін; кәсіпорынның келешектегі күтілетін дивидендтерді төлеу қабілеттілігін анықтау үшін қажет ақпараттарды талап етеді;
- кредитор – алған қарызын және төлемін пайызын өтеу қабілеттілігін (мүмкіндігін) анықтау үшін қажет ақпараттарды талап етеді;
- жабдықтаушылар – кредиторлық қарызды дер кезінде өтей алатын қабілетін тексеру үшін қажет ақпараттарды талап етеді;
- сатып алушы – кәсіпорын қандай кезеңде өз қызметін жалғастыра алатындығы жөніндегі ақпараттарға мүдделі болып келеді;
- қызметкерлер – кәсіпорынның тұрақты әрі рентабельді болғанына мүдделі, өйткені олар, өзінің еңбек ақысын және басқа жеңілдіктері мен төлемін алады, ал акционерлер – тұрақты түрде дивиденд алып тұруын көздейді;
- Мемлекеттік органдар – кәсіпорынның тұрақты әрі рентабельді жұмыс істегеніне мүдделі, өйткені олар солардың көмегімен экономикалық саясатты (салық шараларын қоса алғанда) жүзеге асырады, сондай-ақ статистикалық мәліметтерді жинайды;
- Жұртшылық – жұмыс орнын табу мақсатында қажетті ақпараттарды елді мекенді, аймақты дамытуға керек ақпараттарды жинауға (алуға) мүдделі болып келеді.

Қаржылық есеп беру кәсіпорынның инвестициялық саясатын жасауға, несиелеу аясын дұрыс қалыптастыруға, болашақ ақша қаражатының ағынын бағалауға, кәсіпорынның міндеттемесі мен ресурстарын бағалауға және олардың басқарушы органдарының қызметіне қажет ақпараттармен қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді.

Кәсіпорынның қаржылық есеп беруін әрқипы пайдаланушылардың әртүрлі мүдде бойынша пайдалануы кәсіпорынның сол жалпы талапқа сай келуі үшін оның қызметіне капиталдың жеткілікті болғаны абзал. Сондықтан

олардың негізгі талабы (басқа жағдайлары бірдей болғанда): кәсіпорынның алған меншік капиталы мен басқа инвестициясы туралы ақпараттар оларды қанағаттандыруы тиіс.

Бұл ереже барлық пайдаланушылардың мүддесіне ортақ әрі сай келетін ақпарат болып саналады. Жалпы алғанда, пайдаланушылар келесі ақпараттарға мүдделі болып келеді.

| Есеп берудің мәліметтері | Пайдалылығы |
|---|--|
| Экономикалық ресурстары (активтер құрылымы) | Кәсіпорынның табыс алу қабілетін бағалау және болашақта болатын ақша қаражаты |
| Қаржылық құрылымы (кәсіпорынның қарызы мен меншік капиталының ара қатынасы) | Қарыз қаражатының келешекке қажеттілігін бағалау және болашақта алынатын пайда мен ақша қаражатын мүдделі тараптардың арасына тарату; кәсіпорынның сырттан инвестицияны тартудың потенциалдық икемділігін бағалау. |
| Өтімділік пен өлшем қабілетінің коэффициенті | Өз міндеттемесіне жауап беретін кәсіпорынның ұзақ және қысқа мерзімдегі қарыздарын төлеу қабілеттілігін бағалау |
| Рентабельділік пен іскерлік белсенділігінің коэффициенті | Кәсіпорынның ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау |
| Қаржылық жағдайының өзгеруі | Қаржылық, инвестициялық, оперативтік қызметінің нәтижесінде, кәсіпорынның алған ақша ағынын бағалау; кәсіпорынның келешектегі ақша қаражатына қажеттілігін болжау |

Қаржылық есеп беру өзара байланысты, өйткені ондағы шаруашылықтың бір ғана операциясы әртүрлі фактімен көрініс табады. Әрбір есеп беру әртүрлі ақпаратты береді, ол оны сол немесе басқада күйінде шаруашылық жүргізуші субъект пайдаланылады.

Қаржылық есеп пайдаланушылар үшін айқын, түсінікті болуы және барлық маңд. ақпараттарды алуы тиіс. Қажет болған кезде түсініктеме хаттамасында (жазбасында) баптардың жіктелесі мен ақша қаражаттары туралы қосымша мәліметтер арқылы олардың мазмұнын түсіндіру тиіс.

Қаржылық есеп беру өткен кезеңдердің мәліметтерімен салыстырады. Есеп беру Қазақстан Республикасының валютасында жасалады, өлшем бірлігі – мың теңге. Жылдық есеп берудің есептік кезеңі болып толық календарлық жыл саналады, ал жаңадан құрылған субъектілер үшін – заңды

тұлға тұлға ретінде статусын алған күнінен бастап есепті жылдың 31-ші желтоқсанына дейін сақалады. Меншік иесінің есеп берудің басқа да кезіндегі белгілеуге құқығы бар (жылына бір реттен кем болмауы керек).

2.1 Қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есеп беру

Қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есеп беру нысаны табыс пен шығыс шоттарын алып, оларға шолу жасайды. Қаржылық-шаруашылық қызметінің есеп берудің келесі көрсеткіштерден тұрады:

- өнімді, жұмысты, қызметті сатудан түскен табыс; ҚҚС, акциздар және басқа міндетті төлемдер мен салықтан шегертілген түрінде көрсетіледі, қайтарылған тауар құнын, бағадан және сатудан жасалған жеңілдіктерді қоспағанда;
- өнімнің, жұмыстың, қызметтің сатылған өзіндік құнына кәсіпорынның нақты шығындары, яғни өнімді, жұмысты, қызметті өндірумен байланысты тікелей шығындар кіреді;
- жалпы табыс-өнімді, жұмысты, қызметті сатқаннан түскен табыстан өнімнің нақты өзіндік құнын алып тастағаннан соң шығатын қаржылық нәтижесі;
- кезең шығыстары-өнімнің, жұмыстың, қызметтің өндірістік өзіндік құнына еңбейтін шығыстар; жалпы және әкімшілік шығыс, сату бойынша шығысы, пайыздарды төлеу бойынша шығыстары;
- негізгі қызметтен түскен табыс (зиян) – жалпы табыс пен кезең шығыстарының айырмасы;
- негізгі емес қызметтен түскен табыс (зиян) – кәсіпорынның негізгі қызметімен байланысты емес операциядан алынған табысы (негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, бағалы қағаздарды сатқаннан, субсидия т.б.);
- салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметінен алынған табысы-негізгі және негізгі емес қызметтерін біріктіргеннен алынған табыс;
- табыс салығы бойынша шығыс – 11 БЕС салынған, соның ережесіне сәйкес есептік кезең үшін анықталған табыс салығы бойынша шығысы;
- салық салынғаннан кейінгі әдеттегі қызметінен алынған табысы (зияны) – салық салынғанға дейінгі табыстан табыс салығы бойынша шығысын шегергеннен соң алынған табысы (зияны);
- төтенше жағдайдан алынған табысы (зияны) – есептік кезеңде орын алған төтенше жағдайдың салыдоланған нәтижесі;

**ҚАРЖЫШЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУ**
1 қаңтар 2006 ж

(мың теңге)

| Көрсеткіштер атауы | Сызық жолының № | Табысы | Шығысы |
|---|-----------------|---------|---------|
| Сатылған өнімнен (қызметтен, жұмыстан) түскен түсім | 01 | 3943098 | * |
| Сатылған өнімнің (қызметтің, жұмыстың) өзіндік құны | 02 | * | 1845829 |
| Жалпы табыс (01-02) | 03 | 102269 | |
| Кезең шығыстары-Барлығы: | 04 | * | 77486 |
| Оның ішінде: Жалпы және әкімшілік шығыстары (82) | 05 | * | 50480 |
| Сату бойынша шығыстары (81) | 06 | * | 16556 |
| Пайыз бойынша шығыстары (83) | 07 | * | 10450 |
| Негізгі қызметтен түскен табыстары (зияндары) (03-04) | 08 | 24783 | |
| Негізгі емес қызметтен түскен табыстары (зияндары) (70-84) | 09 | 1730 | 4083 |
| Салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметінен түскен табысы (08+09) | 10 | 22460 | |
| Занды тұлғадан ұсталынған табыс салығы (85) | 11 | * | 7097 |
| Кейінге қалдырылған салықтар | | * | 844 |
| Салық салынғаннан кейінгі әдеттегі қызметінен түскен табысы (10-11) | 12 | 14519 | |
| Төтенше жағдайдан алынған табысы (зияны) (86) | 13 | | |
| Таза табысы (зияны) (12+13) | 14 | 14519 | |

- таза табыс (зиян) – есептік кезеңде кәсіпорынның алған қаржышық нәтижесі.

Сонымен, қаржышық-шаруашылық қызметінің нәтижелері: 70-“Негізгі қызметтен түскен табысы”, 72-“Негізгі емес қызметтен түскен табысы”, 80-“Сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны”, 81-“Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату барысында жұмсалған шығындары”, 82-“Жалпы және әкімшілік шығындары”, 84-“Негізгі емес қызмет бойынша шыққан шығындары”, 85-“Табыс салығы бойынша шыққан шығындары”, 71-“Сатылған тауарлардың қайтарылуы және сатуға байланысты шегерімдер, сондай-ақ баға шегерімдері”, 86-“Төтенше

жағдайдан және тоқтатылған операциядан келген табыстары (зияндары)”, 83 “Басқа ұйымдарға үлестірілген қатысудан түскен табысы (зияны)” шоттарының деректерінің негізінде шығарылады. Басқаша айтқанда, есеп беруге қажетті барлық деректерін бухгалтерлік есеп шоттарында көрініс тапқан мәліметтерден тікелей алынады.

2.2 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп беру

Есеп беру 4 БЕС талаптары бойынша жасалады. Есепте негізгі (немесе операциялық), инвестициялық және қаржы жөніндегі қызметін жүзеге асыру нәтижесінде алынған ақшалай қаражат ағыны (тасқыны) туралы барлық деректері, сондай-ақ қаржы қызметінде пайдаланылатын таза ақшалай қаражаттың және олардың эквиваленттерінің таза көбеюі, жылдың басындағы және аяғындағы ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері көрсетіледі.

№4 бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес субъекттер жасаған “Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп” заңды тұлғаның қаржылық жағдайындағы өзгерісті бағалауға мүмкіндік береді, бұл олардың есепті кезең ішіндегі операциялық (кіріс алатын негізгі қызмет пен инвестициялық және қаржы қызметтеріне жатпайтын өзге де қызметі), инвестициялық (ұзақ мерзімді алашақтарды сатып алу мен сату) және қаржылық қызметі (жеке капиталы мен төлем қаражаттарының мөлшері және құрамындағы өзгеріс нәтижесі болып табылатын заңды тұлғаның қызметі) тұрғыдан алғанда қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды туралы хабарлармен қамтамасыз етіп. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп субъекттің есепті жылдың ішіндегі қаржылық есебінің құрамында беріледі.

Ақша қаражаттарының қозғалысы операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметі тұрғысынан алған мағлұматтардың мазмұнын ашу үшін керек, мұның өзі заңды тұлғаның қаржы жағдайын және қызмет түрлерінің ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысын ашып көрсеткен кезде тура әдіс пайдалануы мүмкін, бұл әдіс жағдайында ақшалай түсім қаражаттары мен төлемдердің негізгі түрлері ашып көрсетіледі, не жанана әдіс пайдаланылуы мүмкін, бұл әдіс жағдайында ақшалай түсім қаражаттары мен төлемдердің негізгі түрлері ашып көрсетіледі, не жанана әдіс пайдаланылуы мүмкін, бұл әдіс жағдайында таза табыс пен зиянға әкелетіндер мен міндеттемелерге, ақша операцияларының өзгерістеріне, сондай-ақ инвестициялық немесе қаржылық қызметтің нәтижесі болып табылатын кірістеріне немесе зияндарына қарап түзетулер енгізіледі.

Операциялық қызметтегі ақша қозғалысын анықтау үшін тікелей және жанана әдістер пайдаланылады.

Тікелей әдісте ақша қозғалыстарының негізгі түрлері ашылады. Мысалға, өнімді сатудан түскен түсімнен сатып алынған материалдардың

барлық төлем түрлерін, КДШ (жөлік-дайындау шығыстарының) төлемін, несиені үшін пайыздық төлемдерін, бюджетке тиісімі төлемдерін шегереді.

Операцияндық қызметтен тікелей әдісті пайдаланған кезде ақша қаражатының түсуімен шығуының нәтижесі: өнімді, жұмысты, қызметті сатқаннан түскен түсімнен, алынған аванстан, пайыздан, дивиденттен, роялтиден және т.б. табыстардан; жабдықтаушылармен және мердігерлердің қарызын төленгеннен, берілген аванстан, төлеген жалақыдан, бюджет пен бюджеттен тыс төлемдерінен және т.б. шығыстарынан тұрады.

Жанама әдістер – бұл әдістер таза табыс немесе зиян өзгерген ағымдағы активтер мен міндеттемелеріне, ақшасыз операцияларына, сондай-ақ өткен жылдармен салыстыра отырып, қаржылық және инвестициялық қызметтердің нәтижесі болып табылатын табыстар мен шығыстарға түзету (корректир) жасалады. Бұл әдісте баланс мәліметтері мен қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру мәліметерін негізге алады. Бұл әдіс қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп берудің әрбір баптарына түзету енгізуді көздемейді. Тек қана таза табыс сомасын өткен жылдармен салыстыру арқылы есептік кезеннің көрсеткіштеріне түзетулер енгізеді.

Таза табысы (зиянды) түзету

| Таза табысы түзететін операциялар | Түзетуді жүргізудің тәрізін |
|---|---|
| Материалдық емес активтер мен негізгі құралдар бойынша есептелген амортизациясы | Есептелген амортизацияны сомасы таза табыс сомасына қосылады, өйткені ол ақша қаражаттарының шығысын әкелмейді |
| Ағымдағы активтердің сомасының өзгерістері: дебиторлық қарыздар, крлар, (запастар), болашақ кезеннің шығыстары, басқа да ағымдағы активтер т.б. | Егер ағымдағы активтер өсетін болса, онда ағымдағы ақша қаражаттары азаяды, ал егер де керісінше болса, онда ақша қаражаттары өседі, онда олардан түскен табысы да көрсетеді. |
| Ағымдағы міндеттемелердің сомасын өзгерістегі (қысқа мерзімді банкі несиелерін қоспағанда), кредиторлық қарыздар, салық төлемдері, басқа да ағымдағы міндеттемелер. | Ағымдағы міндеттемелердің сомасы өссе, ақша ағымның сомасы да өседі, егер міндеттемелер азайса, онда ақша қаражаттары да азаяды, онда олардан алынған шығысы да көрсетеді. |

| Көрсеткіштер | СЫЗЫҚ ЖОЛЫ НЫҢ КОДЫ | Сомасы |
|---|---------------------------|---------|
| 1. Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының қозғалысы | | 14619 |
| Таза табыс | | |
| Таза табысты салыстыру үшін жасалатын түзетулер | | 3328 |
| Ұзақ мерзімді активтерді сатқаннан алынған нәтижесі | | |
| Тауарлы-материалды запастардың өзгерісі | | -13631 |
| Дебиторлық қарыздардың өзгерісі | | -21666 |
| Болашақ кезеңнің шығыстарының өзгерісі | | -375 |
| Кредиторлық қарыздардың өзгерісі | | 14160 |
| Басқа да активтердің өзгерісі | | 1899 |
| Басқа да түсімдер | | -376 |
| Басқа да төлемдер | | |
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы | | |
| 2. Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының қозғалысы | | (363) |
| 2.1. Түскен ақша қаражаттары | | |
| Негізгі құралды, материалдық емес активтерді және басқа ұзақ мерзімді активтерді сатқаннан түскен табыс | | |
| Қаржылық инвестицияны сатқаннан түскен табыс | | |
| Басқа да түсімдер | | |
| 2.2. Ақша қаражатының есепке алынуы | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | 23369 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | 25766 |
| Қаржылық инвестициясын сатып алу | | |
| Басқа да төлемдер | | |
| Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы | | (49556) |
| 3. Қаражаттандыру қызметінен алынған қаражаттарының қозғалысы. | | |
| Түскен ақша қаражаттары | | |
| Ақция шығару | | |
| Ұзақ мерзімді несиелердің түсуі | | 37861 |
| Қысқа мерзімді несиелердің түсуі | | |
| Құрылтайшылардың салған салымдарының түсімдер. | | 24217 |
| Басқа да түсімдер. | | |

| | | |
|--|--|--------|
| Ақша қаражаттарының есепте шығынуы | | |
| Ұзақ мерзімді несиелерді өтеу. | | |
| Қысқа мерзімді несиелерді өтеу. | | 13728 |
| Дивидендтерді өлеу. | | |
| Басқа да төлемдер. | | |
| Қаражаттандыру қызметінен түскен ақша қаражаттарының таза сомасы. | | 48568 |
| Ақша қаражаттарының және оның эквиваленттілігінің таза өзгерістері | | (1547) |
| Есептік жолының басындағы таза қаражаты. | | 11541 |
| Есептік жолының соңындағы ақша қаражаты. | | 18194 |

2.3 Инвестициялық және қаржылық қызмет

Инвестициялық қызмет-ұзақ мерзімді активтерді сатып алу, сату және берілген несиені өтеу және алу.

Инвестициялық қызметке мыналар жатады:

- негізгі құралдары, материалдық емес активтерді және басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан, қаржылық инвестицияны сатудан, басқа кәсіпорындардан алынған қарыз қаражаттары және басқа да түсімдер;
- негізгі құралдары, материалдық емес активтерді және де басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға жұмсалған ақша қаражаттарының шығысы;
- қаржылық инвестицияларды алу, басқа кәсіпорындарға қарыз ақша бер, басқа да төлемдер.

Инвестициялық қызмет бухгалтерлік баланстың ұзақ мерзімді активтерінің құрамына кіреді. Оған қаржылық инвестицияға әсер ететін операцияларда кіреді. Инвестициялық қызмет қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беруінде көрініс табады, онда ол акцияларды сатудан алынған табыс немесе шығыс ретінде көрінеді, сондай-ақ негізгі құралдары және басқа да сатудың нәтижесі көрініс табады.

Қаржылық қызмет мәнішкі капиталы мен қарыз капиталының құрамы мен мөлшерінің өзгерісінің нәтижесі болып табылады.

Оған мыналар жатады:

- шығарылған акциядан түскен ақша қаражаттары және басқа да бағалы қағаздары сатқаннан алынған банктік және банктік емес несиелер, басқа да түсімдер;
- алынған банктік және банктік емес несиелерді өтеуге жұмсалған ақша қаражаттары, өз акционерлерінен акциясын сатып алу үшін жұмсалған қаражаттар, дивидендтер және басқа да жұмсалған қаражаттар.

Кәсіпорын қаржылық, инвестициялық және ақшасыз операцияларды жүзеге асыруы мүмкін. Оларға: материалдық емес активтерді және кезігі құралдарды ұзақ мерзімді несиенің есебінен алу; кредиторлық қарызды кредиторға ақшаны және басқа да бағалы қағаздарды беру жолымен өтеу; басқа кәсіпорынның активтарын сатып алынған тауарларға және дайын өнімге айырбастау жолымен алу және т.б. жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп беру үшін арнайы әзірленген кестелерді (таблицаны) пайдаланады, онда келесі ақпараттар келтіріледі (ақша қаражатының қозғалысын жаңама әдіспен есептеу):

- өткен және есептік жылдағы баланс, оның барлық баптары салыстырылады және олардың әрқайсысы бойынша ауытқуы анықталады. (+,-);
- өткен және есептік жылдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру, оның барлық табыстары мен шығыстары, сондай-ақ есептік кезеңнің соңындағы таратылмайтын табысы (зияны) салыстырылады.

Мәліметтерді салыстырудың нәтижесінде қандай да қызмет түріне (операциялық, инвестициялық немесе қаржылық) сомалардың үлес салмағын анықтауға болады. Осы әзірленген кестелердің мәліметтеріне нұсқа жасап, есеп беруге түзетулер енгізу мүмкіндігі туады. Осы жаңама әдіс бойынша жасалған кесте жоғарыда келтірілді.

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысын тікелей әдіс бойынша анықтаған кезде олардың қозғалысына әсер ететін факторлардың мазмұны ашылады, яғни ақшалай және ақшасыз жасалған операцияларының ара-жігі ашылады.

Егер де операциялар өзінің экономикалық мазмұны бойынша біртектес болып келсе, онда олар ес беруде бір бапқа біріктілуі мүмкін. Тікелей әдістің негізінде жасалған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп беру нысаны төменде келтіріледі.

III Консолидацияланған (консолидацияланған) қаржылық есеп беруді жасау

3.1 Негізгі және заңды тұлғалардың консолидацияланған есеп беру

Есептік кезең біткен соң шаруашылық жүргізуші субъект қаржылық есеп беруді жасайды. Шаруашылық жүргізуші субъектінің құрамында ҚР-нің аймағында және оның тысқары жерлерде тұратын еншілес немесе тәуелді серіктестіктері бар болса, өзінің қаржылық есеп беруімен қоса, консолидацияланған (консолидацияланған) есеп беруді жасайды, яғни бірнеше заңды тұлғаның есеп беруін біріктіреді.

Заңды тұлға (командалық және толық серіктестік, жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестік, акционерлік қоғам) егерде басқа (негізгі) заңды тұлғаның өзінің жарлық қорына салған салымдарының басым көпшілігін иеленсе және қабылданатын шешімдердің басым бөлігін анықтау мүмкіндігіне ие болса, онда олар еншілес серіктестік ретінде танылады.

Заңды тұлға (командалық және толық серіктестік, жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестік, акционерлік қоғам) егер де басқа (қатысушы, артықшылығы бар) заңды тұлғаның бар болғаны 20% дауыс беретін акциясына ие болса немесе сондай деңгейде қатысушылық үлесі бар болса, тәуелді серіктестік ретінде танылады.

3.2 Негізгі және еншілес заңды тұлғалардың консолидацияланған есеп беру

Заңды тұлға басқа кәсіпорынның акциясын сатып алу арқылы өз қызметін жүзеге асыруы мүмкін; егер де сол сатып алынған акциясы 50% - тең астам болса, онда инвестицияланған объектіге бақылау жасау мүмкіндігін алады. Инвестор бақылауды белгілейтін болса, онда ол кәсіпорынды еншілес кәсіпорын деп атайды. Негізгі кәсіпорында және барлық еншілес кәсіпорында бірігіп, бірінен заңды тұлғалар тобын құрайды және олардың мәліметі бойынша консолидацияланған есеп беруін жасайды.

Қаржылық есеп беруді пайдаланушылар олардың топтасқан бөлігін емес, тұтас бөлігін бірте мүдделі болып келеді. Бұндай қажеттілік консолидацияланған есеп беруге қойылатын талапты күшейтеді.

Консолидацияланған есеп берудің құрамына: консолидацияланған бухгалтерлік балансы консолидацияланған қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру, консолидацияланған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп беруі және түсініктеме жазбасы кіреді.

№13 ЕЕС сөйкес “ Консолидацияланған есеп беру және еншілес серіктестіктегі инвестицияның есебі” негізгі заңды тұлға жергілікті және шетелдегі еншілес заң тұлғалардың консолидацияланған (консолидацияланған) қаржылық есеп беруі енгізіледі, тек мыналарды қоспағанда: егер де еншілес

